# Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 сәуір N 446

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру
және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 U010543_ Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есеп және сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Астана, 2002 жылғы ___ сәуір
N ____

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы "___"_______
N ____ Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру
және пайдалану туралы 2001 жылғы жылдық есеп

1-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТҮСІМДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| р/с N | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1 | Қордың есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаты БАРЛЫҒЫ: | - |
| 2 | Түсімдер БАРЛЫҒЫ: | 197353993 |
| | Оның ішінде: | |
| | заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы: | 67777053 |
| | қосылған құн салығы | 16859 |
| | үстеме пайдаға салынатын салық | - |
| | бонустар | 72291 |
| | роялтилер | 20662540 |
| | жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі | - |
| | ресми трансферттер | - |
| | Қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер | 10096227 |
| | Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер | 98729023 |
| 3 | Пайдаланылуы БАРЛЫҒЫ: | 7546324 |
| | Оның ішінде: | |
| | бюджеттердің шығындарын өтеу | 7509108 |

    мақсатты трансферттер                                      -
    Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті
    жүргізуге байланысты шығыстарды жабу                    37216
4   Қордың есепті кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражаты
    БАРЛЫҒЫ:                                         189807669
-----------------------------------------------------------------------

## 2-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫН СЕНІМДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫН СЕНІМДІ БАСҚАРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

-----------------------------------------------------------------------
р/с!                                     !      Сомасы
N !                                      !    (мың теңге)
-----------------------------------------------------------------------
1   Қор активтерінің есепті кезеңнің басындағы
    нарықтық құны:                                       -

2   Қордың операциялары бойынша кірістер:              10096227
2.1 бағалы қағаздардың және басқа да қаржы
    құралдарының ағымдағы құнының өзгеруінен
    алынатын кірістер                               2373152
2.2 бағалы қағаздарды және басқа да қаржы
    құралдарын сатып алу-сатудан алынатын кірістер       1450448
2.3 акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістер          -
2.4 сыйақы түріндегі кірістер                        809180
2.5 валюталық бағамның өзгеруі нәтижесінде туындаған
    он бағамдық айырма                              5463447
2.6 сыртқы басқаруға берілген активтер бойынша кірістер        -

3   Қорды басқару жөніндегі шығыстар:                     -
3.1 бағалы қағаздардың және басқа да қаржы
    құралдарының ағымдағы құнының өзгеруінен
    болатын шығыстар                                     -
3.2 бағалы қағаздарды және басқа да қаржы
    құралдарын сатып алу-сатудан болатын шығыстар           -
3.3 валюталық бағамның өзгеруі нәтижесінде
    туындаған теріс бағамдық айырма                       -

4 Қор активтерінің есепті кезеңнің аяғындағы
нарықтық құны: 187221885

-----------------------------------------------------------------------

## 3-бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ӨЗГЕ ДЕ ДЕРЕКТЕР

### 1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын қалыптастыру көздері

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының (бұдан әрі - Қор) жұмыс істеу кезеңінде оған түсетін түсімдердің негізгі үлесі "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік үлесті сатудан түсетін қаражаттың есебінен қалыптастырылды, оның сомасы капиталдандыруды ескере отырып, 674378570,70 АҚШ долларын құрады. Бұдан басқа, Қордың жұмыс істеу сәтінен бастап 2002 жылғы 4 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың шотына ұлттық валютада 88528,7 млн. теңге түсті. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың шотына түскен шетел валютасында есептелген теңгені АҚШ долларына айналдыруды мезгіл-мезгіл жүргізіп отырды.

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен 82257689 мың теңге сомасында шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің 2001 жылға арналған түсімдердің жылдық көлемі, оның ішінде республикалық бюджеттің кірісіне 51765715 мың теңге және жергілікті бюджеттердің кірісіне 30491974 мың теңге бекітілді. 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шикізат секторы ұйымдарынан іс жүзінде 163477326

мың теңге түсті, оның ішінде республикалық бюджетке 47155542 мың теңге және жергілікті бюджеттерге 27793041 мың теңге есепке алынды. Нәтижесінде шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін түсімдердің сомасы 88528743 мың теңгені құрады. Республикалық және жергілікті бюджеттердің өтемақысы Қордан толық көлемде өтелді және 7509108 мың теңгені құрады, оның ішінде:

Ақтөбе - 2632185
Атырау - 74850
Шығыс Қазақстан - 1141049
Батыс Қазақстан - 1840223
Қарағанды - 412491
Маңғыстау - 1408310

Салықтардың түрлері бойынша Қорға түсетін қаражат түсімдерінің

құрылымы тұтас алғанда 2001 жыл үшін мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

| Салықтық төлемдердің түрі | Сомасы (мың теңге) | Жалпы көлемдегі үлес (%) |
|---|---|---|
| Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы | 48679078 | 54,99 |
| Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы | 4625192 | 5,22 |
| Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы | 14472783 | 16,35 |
| Барлығы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы | 67777053 | 76,56 |
| Қосылған құн салығы | 16859 | 0,02 |
| Бонустар | 72291 | 0,08 |
| Роялтилер | 20662540 | 23,34 |
| БАРЛЫҒЫ (өтеуді есепке алмай) | 88528743 | 100,0 |

Шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін түсімдердің негізгі бөлігін - 54,99%-ын заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, одан кейін үлесі түсімдердің жалпы сомасының 23,34%-ын құрайтын роялтилер және 14472 мың теңге сомасындағы немесе түсімдердің жалпы сомасының 16,35% резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы алады. Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы түсімдердің жалпы сомасының 5,22%-ын, бонустар - 0,08%-ын және қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) - 0,02%-ын құрады.

Шикізат секторы ұйымдары - заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының жоспары 60411610 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде 104010265 мың теңге түсті, ол 172,2%-ды құрады. Қорға жоспардан тыс төлемдер түрінде 48679078 мың теңге табыс салығы аударылды. Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарының шикізат секторы ұйымдары - заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша жоспар орындалған жоқ, осыған байланысты салықтың осы түрі бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің

шығындарын өтеу 5280423 мың теңгені құрады. Кәсіпорындар бөлінісінде табыс салығы жоспарының орындалуын талдау мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

| Ұйымның атауы | Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы (мың теңгемен) | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жоспар | іс жүзіндегі | ауытқ. | Ұлт. қорға түскені |
| Ақтөбе | | | | |
| "Ақтөбемұнайгаз СНПС" ААҚ | 3569700 | 1535184 | -2034516 | 198729 |
| "Дөң кен байыту к-ты" ААҚ | 1180000 | 1050964 | -129036 | 189282 |
| облыс бойынша жиыны | 4749700 | 2586148 | -2163552 | 388011 |
| Атырау | | | | |
| "Теңізшевройл БК" ЖШС | 20725864 | 42590018 | 21864154 | 21545143 |
| "Қазақойл-Ембі" ААҚ | 2956966 | 4108118 | 1151152 | 1470163 |
| облыс бойынша жиыны | 23682830 | 46698136 | 23015306 | 23015306 |
| Шығыс Қазақстан | | | | |
| "Қазмырыш" ААҚ | 5045000 | 4670159 | -374841 | 566208 |
| облыс бойынша жиыны | 5045000 | 4670159 | -374841 | 566208 |
| Батыс Қазақстан | | | | |
| "Қарашығанақ Петр. Опер. Б.В." | 253000 | 0 | -253000 | 0 |
| облыс бойынша жиыны | 253000 | 0 | -253000 | 0 |
| Қарағанды "Қазақмыс" ААҚ | 10450000 | 12324210 | 1874210 | 2227733 |
| облыс бойынша жиыны | 10450000 | 12324210 | 1874210 | 2227733 |
| Қызылорда "Харикейн Құмкөл Мұнай" ААҚ | 4997580 | 10065893 | 5068313 | 5068313 |
| "Торғай Петролеум" ЖАҚ | 2363500 | 3972525 | 1609025 | 1609025 |
| облыс бойынша жиыны | 7361080 | 14038418 | 6677338 | 6677338 |
| Маңғыстау "Маңғыстау. мұнайгаз" ААҚ | 3250000 | 14228532 | 10978532 | 10978532 |
| "Өзенмұнайгаз" ААҚ | 4553188 | 8397850 | 3844662 | 4825950 |
| "Қаражанбасмұнайгаз" ААҚ | 1066812 | 1066813 | 1 | |
| облыс бойынша жиыны | 8870000 | 23693195 | 14823195 | 15804482 |

Түсімдердің барлығы 60411610 104010266 43598656 48679078

------------------------------------------------------------------------

"Ақтөбемұнайгаз СНПС" ашық акционерлік қоғамы бойынша табыс салығының жоспары жасалған келісім-шарт бойынша осы кәсіпорынның құрылыс бойынша шығындарды шегерімдерге жатқызуы нәтижесінде 2034516 мың теңгеге орындалған жоқ. Сол сияқты "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамы заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының жоспары мырышқа экспорттық бағаның 1049 $/т-дан 772 $/т-ға төмендеуіне байланысты 374841 мың теңгеге орындалған жоқ.

Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы 4625192 мың теңге сомасында түсті, ол жоспардан тыс төлемдер ретінде Қорға толығымен есепке алынды. Осыған ұқсас 14472783 мың теңге мөлшерінде резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын табыс салығы Қорға есепке алынды.

ҚҚС жоспары 233000 мың теңге мөлшерінде Ақтөбе облысы ("Дөң кен-байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамы) үшін ғана бекітілді, ҚҚС түсімдерінің іс жүзіндегі көлемі 169238 мың теңгені немесе 72,6%-ды құрады, оның ішінде 16859 теңге Қорға есепке алынды. 2001 жылғы 1 шілдеден бастап Ресеймен тауар айналым бойынша "тағайындалу елі" қағидатымен ҚҚС алуға көшуге байланысты 63762 мың теңге сомаға ҚҚС жете түскен жоқ. Республикалық бюджетке түсетін өтем сомасы 80621 мың теңгені құрады.

Бонустар бойынша жоспар 149700 мың теңге мөлшерінде, оның ішінде " Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамы және "Торғай Петролеум" жабық акционерлік қоғамы 4850 мың теңгеден бекітілді. "Торғай Петролеум" жабық акционерлік қоғамы бойынша ғана іс жүзінде 147141 мың теңге түсті, оның ішінде Қорға 72291 мың теңге есепке алынды. Келісім-шарт бойынша өндіру көлемі жоспарының орындалмауына байланысты "Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамынан алынатын бонустардың түсімі болған жоқ, сондықтан Атырау облысының шығынын өтеу 74850 мың теңгені құрады.

Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын роялтидің жоспары 18601686 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде 38778236 мың теңге түсті, ол 208,5%-ды құрады. Қорға жоспардан тыс төлем түрінде 20662540 мың теңге роялти аударылды. Республикалық бюджеттің шығынын өтеу 485990 мың теңге мөлшерінде өтелді.

Жасалған келісім-шарттар бойынша Қазақстан Республикасының үлесі түсімдерінің жоспары тек Батыс Қазақстан облысы бойынша 2861693 мың теңге мөлшерінде ғана жеткізілген. Төлемнің осы түрі бойынша іс жүзінде 1274470 мың теңге немесе 44,5% түсті. Ресеймен ҚҚС алу амалының реттелмеуіне байланысты Батыс Қазақстан

облысының бюджетіне Қордан өтелген 1587223 мың теңге жете түскен жоқ.

## 2. Қордың шығыстары

Қордың есебінен есепті кезеңде мынадай шығыстар жүргізілді:

республикалық және жергілікті бюджеттерге шығындарды өтеу түрінде (шикізат секторы ұйымдарынан түсетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бекітілген және іс жүзіндегі сомасының арасындағы айырма) 7509107631,83 теңге, оның ішінде республикалық бюджетке 4710173888,36 теңге және жергілікті бюджеттерге 2798933743,47 теңге аударылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Сенімді басқару туралы шартқа сәйкес Қорды басқарғаны үшін сыйақы түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 37216032,45 теңге аударылды.

Бұдан басқа, 2001 жылдың 4-тоқсанына төлеуге Қорды сенімді басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 35226 мың теңге сомасында комиссиялық сыйақы, заң кеңесшісі қызметтеріне 826 мың теңге есептелді.

Алматы қаласы 2002 жылғы 16 ақпан N 56

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру нәтижелері туралы 2001 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 P010655_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру нәтижелері туралы 2001 жылғы есеп бекітілсін.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.) осы қаулы қабылданған күннен бастап үш күндік мерзімде оны және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру нәтижелері туралы 2001 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Ұлттық қордың 2001 жылғы есебі

1. Мақсаты және ұйымдастыру

1.1. Ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі "Қор") Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402 U000402_ Жарлығымен еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақ үшін қаржылай қаражат жинақтау (жинақ қызметі) және экономиканың жағымсыз сыртқы факторлардың ықпалына тәуелділігін азайту (тұрақтандыру қызметі) мақсатында құрылды. Қор Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі, ол республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген түсім сомаларынан шикізат секторындағы ұйымдардан салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді көбейтуден түсетін түсімдердің есебінен қалыптасады.

Осы Жарлыққа сәйкес Қорды басқару Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктеледі. Осыған байланысты Үкімет пен Ұлттық Банк 2001 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт жасады.

Қорды басқарудың алғашқы сатысындағы Ұлттық Банк қызметінің негізгі бағыттары:

- инвестициялық стратегияны;
- Қор активтерін сақтау үшін кастодиан таңдауды;
- Қор активтерінің бір бөлігіне сыртқы басқарушыларды таңдауды әзірлеу болды.

Ұлттық Банк маусым айында Қордың инвестициялық стратегиясын Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі "Ереже") әзірледі және оны Үкімет мақұлдады.

Бұл Ереже Қордың инвестициялық операцияларын, оның ішінде валюта, құралдар класы, сыртқы басқарушылар және кастодиан бөлігіндегі түрлер мен үлес салмағы бойынша шектеулерді жүзеге асырудың жалпы тәртібін белгілейді. Сонымен қатар Ереже Қорды басқару кезінде туындайтын тәуекелдерді басқару тәртібін, эталондық портфельді таңдауды, Ұлттық Банктің Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі өз қызметі бойынша Үкімет алдында есеп беру кезектілігі мен мазмұнын белгілейді.

Сол сияқты кастодианды және Қор активтерін сыртқы басқарушыларды таңдауға көп көңіл бөлінді.

1.2. Инвестициялық стратегияның принциптері

Инвестициялық стратегияның негізгі мақсаттары:
1. активтердің сақталуы;
2. Қор активтерінің жеткілікті деңгейдегі өтімділігін қолдау;
3. Тәуекел деңгейі бірқалыпты болған кезде ұзақ мерзімді болашақта Қор активтерінің жеткілікті жоғары деңгейдегі кірістілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұрақтандыру портфелі Қор активтерінің жеткілікті деңгейдегі өтімділігін қолдау үшін қажет. Жинақ портфелі негізінен тәуекел деңгейі бірқалыпты болған кезде ұзақ мерзімді болашақта Қор активтерінің жеткілікті деңгейдегі жоғары кірістілігін қамтамасыз етуге арналған. Жинақ портфелі өз кезегінде кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфеліне - 60% және акциялар портфеліне 40% бөлінеді. Жинақ портфелі үшін "Salomon World Government Bond Index 80% USD hedged (SWGBI 80% USD hedgeg) және "Morgan Stanley Capital International World Index excluding Energy" (MSCI World Index ex. Energy)" индекстері эталондық портфельдер болып табылады.

"SWGBI 80% USD hedgeg" индексі кірісі белгіленген бағалы қағаздардың эталондық портфелі болып табылады, бұл индексті АҚШ долларымен салыстырғанда 80%-ке хеджирлеу портфельдің рыноктық құнының валюталардың айырбас бағамының өзгеруіне тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

"MSCI World Index ex. Energy" индексі акциялар портфелінің эталондық портфелі болып табылады. Индекстен энергетикалық секторды шығарып тастау осы сектордың мұнайдың бағасымен арақатынасқа ықпалын болдырмауға арналған.

"SWGBI 80% USD hedgeg" индексіне 19 елдің облигациялары кіреді, ал "MSCI World Index ex. Energy" индексіне өнеркәсібі дамыған 23 елдің компанияларының акциялары кіреді.

Инвестициялық стратегиядағы тәуекелдерді бақылау мен басқару мақсатында Қор активтерімен операциялар бойынша лимиттер мен шектеулер белгіленді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 9.06.2001 ж. N 787 қаулысымен мақұлданған "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінің" 3-6-тарауларын қараңыз).

Тәуекелдерді басқару және бақылау үшін Банк кірісі белгіленген бағалы қағаздар және акциялар портфельдерінің тәуекелдерін бағалау бойынша қызмет көрсету саласында жетекші орындағы "Barra International" компаниясымен келісім жасады. Оның ішінде мульти-факторлық үлгі негізге алынған осы компанияның үлгі басқарылып отырған портфель кірістілігінің эталондықтан (Expected Tracking error) ауытқудың күтілетін өзгерісін бағалауға, портфельді оңтайландыруға, тәуекел көлемі көрсеткішін бағалауға (Value at Risk, VaR) мүмкіндік береді.

## 2. 2001 жылғы рыноктарға шолу

### Экономикалық шолу

2001 жылдың басында әлемдік экономика, әсіресе, АҚШ экономикасының бұдан әрі дамуына қатысты өте тұрлаусыз кезеңде болды. Бұл жоғары технология секторында инвестицияларға сұраныстың азаюынан туындады.

Алайда корпорациялар кірістерінің азаюы тұтынушылық сұранысқа аз әсер етті. Жылжымайтын мүлік рыногындағы сатып алушылар сұранысы 2001 жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде ерекше жоғары болды. АҚШ-тағы тұтынушылар және бизнес оптимизмі өсе түсті. Оптимизмге процenttік ставкалардың төмендеуі, 2000 жылдың күзінде салық ставкаларының әдеттегіден тыс төмендеуі, сондай-ақ акциялар рыногындағы құбылмалылықтың бәсеңдеуі себеп болды. Федералды Резервтік банк ставкаларды бірінші тоқсанда 1.5%-ке, екінші тоқсанда 1.25%-ке төмендетті.

Еуропалық Орталық банк есептік ставканы 2001 жылы 1.5%-ке төмендетті. Бұған еуро аймақтағы экономиканың нақты секторын дамытудың өсу көрсеткіштерінің бұрын-соңды болмаған дәрежеде төмен болуы себеп болды, мұның өзі Еуропалық Орталық банкке процenttік ставкаларды төмендетуге қысымды күшейтті.

Жапонияны қоса алғанда кейбір азия елдерінің экономикалары әсіресе жоғары технологиялар секторындағы сұраныстың төмендеуінен қатты зардап шекті. Қарашадағы жағдай бойынша, өнеркәсіп өндірісі көлемінің қысқаруы өткен 12 айда 13% болды. Қараша-желтоқсанда тұтыну бағасының индексі - 0,8%. Бөлшек сатудың көлемі жыл аяғына таман - 3,5%-ке дейін түсті, қарашада осы көрсеткіштің мәні - 0,7% болды.

## Акциялар рыногы

2001 жылғы кірістілік акциялар рыногында тұтастай алғанда теріс мәнді болды. Акциялар рыноктары елдер мен экономика секторлары арасындағы кірістіліктегі үлкен айырмашылықпен сипатталды.

MSCI World Index деректері бойынша, акциялардың бағасы 7,7%-ке түскен 2000 жылмен салыстырғанда 2001 жылы 16,5%-ке түсті.

Акциялар рыногындағы бағалар 2001 жылғы бірінші тоқсан ішінде АҚШ-та тұтынудың төмендеген деңгейіне, әсіресе инвестицияларға төмендеген сұранысқа байланысты төмендеді. 2001 жылғы сәуірдің басында акциялар рыногындағы бағалар технологиялық сектордағы ірі компаниялардың пайда бойынша алдағы жоғары емес болжамды деректер туралы хабарлауына байланысты төмендеді. Нақты сандар пайда болғаннан бастап сәуір мен мамырда рыноктағы бағалар өсе бастады. Екінші тоқсанда акциялар бағасы американдық компаниялардың акцияларына оң тренд көрсетті.

Технологиялық компаниялардың акцияларына бағалар 2001 жылғы 2 тоқсан бойы тұрақтандырылды. Бір жыл бұрын инвесторлар технологиялық компаниялардың болашақтағы кірістеріне қатысты үлкен жаңалықтар күткен болатын және акцияларға бағалар ағымдағы кірістермен салыстырғанда рекордтық биіктерге қол жеткізді. Акцияларға бағаның төмендеуі 2001 жылғы үшінші тоқсанның ішінде жалғаса түсті,

әсіресе акциялар бағасы 11 қыркүйектен кейін төмендеді. Қыркүйектің аяғында бағалар тұрақтандырылды. Әсіресе еуропа және жапон рыноктарында бағаның түсуі елеулі болды - тиісінше 31 және 28 процент.

Төртінші тоқсанда американдық және еуропалық компаниялардың акцияларына бағалар АҚШ экономикасының рецессиядан шығу белгілеріне байланысты өсті.

## Кірісі белгіленген бағалы қағаздар рыногы

2000 жылмен салыстырғанда мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік Salomon Smith Barneyn World Government Bond Index индексінің деректері бойынша 2000 жылғы 7.7%-тен 2001 жылы 5.7%-ке дейін төмендеді.

Кірісі белгіленген бағалы қағаздар рыногы 2001 жылдың ішінде жоғары құбылмалылық деңгейімен сипатталды. 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша кірістіліктің өзгеруі акциялар рыногындағы өзгерістермен қатар жүрді. Еуропалық облигациялар бойынша кірістілік сол трендке сүйенді, бірақ жалпы алғанда Еуропадағы инфляция күткендегіден төмен мәнге азайғандықтан АҚШ-тағыдан төмен болды. Жапонияда облигациялардың кірістілігіне саяси оқиғалар әсер етті. Жапонияның орталық банкі тұтыну бағасын төмендетуді баяулатқысы келетіні туралы белгі бере отырып қысқа мерзімді проценттік ставкаларды азайтқаннан кейін кірістілік айтарлықтай азайды. Көптеген талдаушылар орталық банктің осы арқылы бағаны тұрақтандыру үшін ақша ұсынуды, яғни нольдік инфляцияны қолдауды бақылап отырғысы келеді деп есептейді.

Екінші тоқсанда облигациялардың кірістілігі АҚШ-та және Германияда 0.25%-ке өсті және Жапонияда сол деңгейде қалды. Бұл жоғарылау тоқсанның басындағы әдеттегіден тыс төмен проценттік ставкалар және инвесторлардың экономикалық өсу мен болашақта проценттік ставкалардың өсуі туралы күтуі тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Екінші тоқсанда АҚШ-та жарияланған кейбір экономикалық көрсеткіштер, әсіресе автомобиль және құрылыс секторында күткендегіден жоғары болды. Жоғары инфляция және сатып алу қабілеттілігінің күткендегіден неғұрлым жоғары болуы ұзын облигациялар бойынша жоғары кірістілікті көрсетті.

Үшінші тоқсанда кірісі белгіленген бағалы қағаздар рыногы АҚШ-та және Еуропада елеулі кіріске қол жеткізді. Федералды Резервтік банк және Еуропалық Орталық банк тоқсан ішінде есептік ставканы бірнеше рет тиісінше 1.25%-ке және 0.75%-ке төмендетті. Проценттік ставкалардың ең көп төмендеуі 11 қыркүйектен кейін орын алды, бұл АҚШ-тағы террорлық актілердің экономикалық ықпалын бәсеңдетуді мақсат етті.

Жапондық облигациялар бойынша кірістілік үшінші тоқсанда әлсіз теріс мәнде көрінді. Жапония ұзаққа созылған кезең ішінде экономикалық тоқырау кезеңін бастан кешіруде. Ставкалар өте аз болғандықтан бұл рыноктағы проценттік ставкалардың қандай да болмасын айтарлықтай төмендеуін көздеу қиын. Экономикалық жағдай да

сол сияқты процenттік ставкалардың жоғарылауына мүмкіндік бермейді.

Еуропалық орталық банктің проценттік ставкаларды төмендету сериясы мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілікті төмендетті. Кірістілік содан кейін 11 қыркүйектегі теpактілерден кейін күрт төмендеді, ал жылдың аяғында көтерілді. Осылайша, облигациялар бойынша кірістілік жыл аяғында жыл басындағы кірістілікке шамамен тең болды. Болашақта экономиканы дамыту және тұрақтандыру немесе проценттік ставкаларды көтеру туралы өскелең оптимизм сезімі облигациялар бойынша кірістілікті арттыруға ықпал етті. Қарашада мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілік соңғы он күндік ішінде ең төмен болғанына қарамастан АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша жылдық кірістілік 6.75% болды.

## 3. Қордың қызметі

### 3.1. Басқару.

2001 жылғы 18 мамырдан бастап Ұлттық қордың есепшотына алғашқы сомалар түсе бастады. Сол сияқты 2001 жылғы 11 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атынан Қазақстан Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орналастырған депозит аяқталғаннан кейін Қордың есепшотына 674.378.570,70 АҚШ долларындағы сома есептелді. Жоғарыда аталған депозит түскеннен кейін Ұлттық Банк қор портфелін басқару бойынша белсенді операцияларға кірісті.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің жалпы рыноктық құны 2001 жылғы 31 желтоқсанда 1.240.372.900 АҚШ долларына тең болды. Қор портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздардың рыноктық құны Ұлттық Банктің қарсы әріптесі Morgan Stanley Dean Witter деректеріне негізделеді және есепті күні халықаралық рыноктарда сатыла алатын осы қағаздардың бағасын көрсетеді. Осы есепте Ұлттық қор портфелінің рыноктық құнын бағалауға мәміле жасалған күн негізге алынды.

15 мамырдан бастап 31 желтоқсанға дейін қордың теңгемен есепшотына 93 492.764.938,90 қазақстандық теңге түсті, оның ішінде 88.528.743.97,53 теңге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен және 4.964.021.741.37 теңге республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарына өтемақы аудару үшін АҚШ долларын қайта айырбастаудан түсті. Ұлттық қордың Ұлттық Банктегі теңгемен есепшотынан есепті кезең ішінде 90.906.981.243.95 теңге алынды, оның ішінде 37.216.032,45 теңге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарғаны үшін сыйақы ретінде Ұлттық Банктің пайдасына аударылды. Ұлттық Банк келіп түскен теңгені, жалпы сомасы 83.360.657.579,67 теңгені, мезгіл-мезгіл АҚШ долларына айырбастап отырды, ол Ұлттық қордың шетел валютасындағы есепшотына есептелді. Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығындарына өтемақы үшін аударылған сома 7.509.107.631,83 теңге болды. 2001 жылғы 31 желтоқсанда айырбасталмаған ( қорытынды

айналымдарды қоса алғанда) 2.585.783.694,95 қазақстандық теңге қалды.

2001 жылғы 31 желтоқсанда Қордың барлық активтері тұрақтандыру портфелін құрады, оның рыноктық құны Қордың барлық активтерінің рыноктық құнының кемінде 20%-і болуы тиіс.

Есепті кезеңде Ұлттық қор активтерімен Ұлттық Банк жүргізген операциялардың ішінде 65-і бағалы қағаз сатып алу, 34-і бағалы қағаз сату болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін бөлу динамикасы

| АҚШ доллары | 30.06.01 | 30.09.01 | 31.12.01 |
|---|---|---|---|
| МБК | 16,56% | 11,88% | 27,84% |
| МФО | 9,99% | 9,56% | 0,00% |
| Агенттік қағаздар | 67,11% | 76,76% | 71,44% |
| Барлық облигациялар | 93,67% | 98,21% | 99,28% |
| Депозиттер | 6,26% | 1,79% | 0,72% |
| Барлық депозиттер | 6,26% | 1,79% | 0,72% |
| Қолма-қол ақша | 0,07% | 0,00% | 0,00% |
| Барлық қолма-қол ақша | 0,07% | 0,00% | 0,00% |
| Барлығы | 100% | 100% | 100% |

Есепті кезеңде Қазақстан Ұлттық Банкі Қордың активтерін негізінен

ақша рыногы құралдарына, оның ішінде Ұлттық қор портфеліндегі 2001 жылғы 31 желтоқсандағы үлесі 27,84% болған АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырды. АҚШ агенттіктерінің бағалы қағаздарының үлесі 71,44% болып, портфельдің неғұрлым ірі бөлігін құрады. Ұлттық қор портфелінің шамалы бөлігі 2001 жылғы 31 желтоқсанда АҚШ-тың Федералды Резервтік Жүйесі арқылы бағалы қағаздар кепілдігіне бір күнге шетелдік банктерге орналастырылатын ақшадан құралды .

## Кірістілік және тәуекелдер

2001 жылғы 1 маусымнан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 2,86% немесе жылдық 4,87% болды. Salomon 6-month US

Treasury Bill Index эталондық портфель кірістілігі сол кезеңде 2,13% немесе жылдық 3,66% болды. Осылайша, 2001 жылғы 1 маусымнан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі тұрақтандыру портфелінің үстеме кірістілігі эталондық портфельмен салыстырғанда 0,73% болды. Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі дюрацияны басқару нәтижесінде эталондықпен салыстырғанда неғұрлым жоғары болды (кестені қараңыз). Ұлттық Банк есепті кезең ішінде қысқа мерзімді проценттік ставкаларды өзгертуді күтуге байланысты дюрацияны 0,67 деңгейге дейін өсірді және 0,44 деңгейге дейін төмендетті. Тұрақтандыру портфелінің дюрациясы Қазақстан Республикасы

Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне сәйкес
0,75 көрсеткіштен аспауы тиіс. Сол сияқты кірістілікті ұлғайтуға
портфельдің бағалы қағаздар құрамының арақатынасының өзгеруін басқару және
бағалы қағаздарға иелік еткен уақытта кірістілік 6 айға дейінгі
депозиттердің және бағалы қағаздардың кірістілігінен жоғары болған 6 айдан
12 айға дейінгі секторды таңдау айтарлықтай үлес қосты.

Портфель кірістілігінің эталондық портфельге
қатысты салыстырма кестесі

| | Портфель | Эталон | Үстеме кірістілік |
|---|---|---|---|
| Маусым | 0,26 | 0,37 | -0,11 |
| II тоқсан | 0,26 | 0,37 | -0,11 |
| Шілде | 0,42 | 0,35 | 0,07 |
| Тамыз | 0,35 | 0,33 | 0,02 |
| Қыркүйек | 0,92 | 0,30 | 0,62 |
| III тоқсан | 1,70 | 0,98 | 0,72 |
| Қазан | 0,47 | 0,29 | 0,19 |
| Қараша | 0,08 | 0,25 | -0,17 |
| Желтоқсан | 0,33 | 0,23 | 0,09 |
| IV тоқсан | 0,88 | 0,77 | 0,11 |
| 2001 | 2,86 | 2,13 | 0,73 |

Есепті кезеңде, яғни 2001 жылғы 18 мамырдан бастап 31 желтоқсанға дейін жалпы кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) 30.965.699,63 АҚШ долларына тең.

Ұлттық қор портфелінің кірістілігі Күн сайын қайта бағалау әдісімен (Daily Valuation Method) есептелді. Қолданылып жүрген әдістердің ішінде осы әдіс ең дәл әдістердің бірі болып табылады. Кірістілікті есептеу методологиясы принпиалдың рыноктық құнын күн сайынғы өзгерту сияқты кірістілік есебіне негізделеді, портфель кезеңнің басында және кезеңнің аяғында рыноктық баға бойынша бағаланады. Портфельдің рыноктық құнына кірістер, жинақталған сыйақы және негізгі капиталдың амортизациясы кіреді. Барлық кіру ағыны мен шығу ағыны келесі жұмыс күнінің басындағы рыноктық құнға кіреді.

## 3.2. Сыртқы басқару

Ережеге сәйкес Қордың барлық активтерінің 80%-іне дейін сыртқы басқаруға берілуі тиіс. Бір сыртқы басқарушыға берілетін Қор активтерінің рыноктық құны 150 млн. АҚШ долларынан аспауы тиіс. Ең алдымен әңгіме жинақ портфелін басқару туралы болып отыр: акциялар (Global Eguities) және кірісі белгіленген бағалы қағаздар (Global Fixed Income). Осыған байланысты Ұлттық Банк мандаттың осы түрі бойынша сыртқы басқарушыларды таңдау жөнінде тендер өткізді. Global Fixed Income мандатының түрі бойынша тендерге 16 компания қатысты, Global Eguities мандатының түрі бойынша 8 компанияның ұсынысы қарастырылды. Тендер қатысушыларының салыстырмалы түрде алғанда аз болуына Ұлттық Банктің тендердің әлеуетті қатысушыларына қоятын жоғары талаптары себеп болды. Сыртқы басқарушыларды таңдау кезіндегі неғұрлым маңызды өлшемдер - жалпы, сол сияқты мандаттың әр түрі бойынша жеке басқарылатын активтердің көлемі, жұмыс тәжірибесі және портфельдік менеджерлер мен талдаушылардың кәсіби деңгейі, тұрақты қаржылық жағдайы, мандаттардың осы түрлері бойынша соңғы 5 жыл ішіндегі басқару нәтижелері. Нәтижесінде 6 сыртқы басқарушы таңдап алынды: 3 сыртқы басқарушы - Global Fixed Income мандатының түрі бойынша (Deutsche Asset Management, State Street Global Advisors, BNP Paribas Asset Management/FFTW), және 3 - Global Eguities түрі бойынша ( Morgan Stanley Investment Management, HSBC Asset Management, Credit Suisse Asset Management). 2001 жылғы 28 желтоқсанда Ұлттық Банк барлық таңдалған сыртқы басқарушылармен Қор активтерін басқару туралы келісімдерге қол қойды.

## 3.3. Кастодиан таңдау

Ұлттық Банк қазіргі уақытта бір бас кастодианмен жұмыс істейді, онымен жасалған шартқа 2001 жылдың аяғында қол қойылды. Бас кастодианмен жұмыс істеуге шешім қабылдау үшін акцияларға инвестициялар есептеу және есеп айырысу, салық есептерін жүргізу бойынша бөлімше ішінде тәжірибенің (эталондық портфельге сәйкес 21 елдің бағалы қағаздарына инвестициялау болжамдалады) болмауы, шоғырландырылған есепті алудың артықшылығы, портфельдегі барлық бағалы қағаздар есебіне бірыңғай тұрғыдан келу объективті себептер болды. Бұл салада өз қызметтерін көрсетуді

JPMorgan Chase & Co; Deutsche Bank AG; State Street Banк, Boston; ABN AMRO Mellon Global Securities Services компаниялары ұсынды. Берілген тапсырыстардың негізінде Ұлттық Банк бас кастодианды таңдау бойынша жұмыс жүргізді. Кастодианды таңдау кезінде негізгі кастодиандық қызметтердің сапасы, сондай-ақ қосымша қызмет көрсетулердің сапасы мен алуан түрлілігі және олардың құны маңызды өлшемдер болды. Барлық берілген тапсырыстарды

зерделегеннен кейін ABN AMRO Mellon Global Securities Services компаниясы Ұлттық қордың бас кастодианы болып таңдалды. ABN AMRO Mellon компаниясы өз клиенттеріне талап етілетін барлық қызметтің толық түрін (core & Value ;Added) бір пакетте ұсынады. Сонымен қатар оның қызметтерінің құны неғұрлым бәсеке қабілетті болғанын айта кеткен жөн.

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Қаржылық есеп
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

31 желтоқсан 2001 жыл
Дербес аудиторлардың қорытындысымен бірге

Ernst & Young
;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Дербес аудиторлардың қорытындысы

Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігіне

Біз ұсынылған 31 желтоқсан 2001 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (мәтін бойынша әрі қарай - "Қор") активтері мен міндеттемелері туралы есептің және қаржы-шаруашылық қызметі мен 23 тамыз 2000 жыл мен 31 желтоқсан 2001 жыл аралығындағы мерзімге таза активтердің өзгерісі мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы сәйкес есептердің аудиторлық тексеруін өткіздік. Қаржылық есепке Қордың басшылығы жауап береді. Біз өзіміз өткізген аудиторлық тексерудің негізінде айтылған қаржы есебі туралы пікірімізге жауап береміз.

Біз өзіміздің аудиторлық тексеруімізді Қазақстан Республикасының аудит қалыптарына сәйкес өткіздік. Осы қалыптарға сәйкес біз аудиторлық тексеруді қаржылық есеп беруде қомақты бұрмалаушылықтың жоқтығына жеткілікті дәрежеде көзімізді жеткізетіндей етіп жоспарлап өткізуге тиіспіз. Аудит қаржылық есептеп

сомалар мен онда ашылған мәліметтердің құжатты түрде растау үшін мәліметтердің таңдаулы тексеруін қамтиды. Аудит, сондай-ақ қолданбалы бухгалтерлік есепке алудың принциптерін және басшылықпен жасалған қомақты субъективті бағалаудың сараптамасын, сонымен қатар қаржылық есептің жалпы көрінісінің сараптамасын қамтиды. Біз өзіміз өткізген аудиторлық тексеруіміз негізінде пікір айтуға жеткілікті негіз береді деп сенеміз.

Біздің пікірімізше, бұл қаржылық есеп барлық қомақты арақатынаста 31 желтоқсан 2001 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржы жағдайы туралы, оның қаржылық есептің халықаралық қалыптары жөніндегі Комитетпен құрылған қаржы есебінің Халықаралық қалыптарына сәйкес 23 тамыз 2000 жылдан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қызмет ету аралығындағы мерзімге қаржы нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шынайы көрініс береді.

30 наурыз 2002 жыл

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

31 желтоқсан 2001 жылғы

Активтер мен міндеттемелер туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | | |
|---|---|---|
| Активтер | | |
| Ақша қаражаттары (5-ескерту) | 2.622.785 | |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар (6-ескерту) | | 187.184.884 |
| | 189.807.669 | |
| Міндеттемелер | | |
| Есептелген шығындар (7-ескерту) | 43.244 | |
| Таза активтер | 189.764.425 | |
| Таза активтер төмендегілерден тұрады: | | |
| Үкіметтің есепшоты | 179.748.658 | |
| Жинақтаушы кірістер | 10.015.767 | |
| Жалпы таза активтер | 189.764.425 | |

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қаржы-шаруашылық қызмет туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | |
|---|---|
| Инвестициялық қызметтен алынған кіріс | |
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен өткізілген таза кіріс | 2.259.628 |
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен өткізілмеген кірісті ұлғайту | 2.373.152 |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кіріс | 4.192.090 |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілген кіріс | 1.271.357 |
| Жалпы инвестициялық кіріс | 10.096.227 |
| Шығындар | |
| Бірлескен шығындар (4-ескерту) | 72.442 |
| Кәсіби қызметті төлеу шығындары (10-ескерту) | 8.018 |
| Жалпы шығындар | 80.460 |
| Таза табыс | 10.015.767 |

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықтағы мерзімге таза активтердің өзгерісі туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | Үкіметтің есепшоты | Жинақтаушы кіріс | Жалпы |
|---|---|---|---|
| 23 тамыз 2001 жылғы Сальдо | - | - | - |
| ҚР Қаржы Министрлігінен түскен түсімдер (8-ескерту) | 187.257.766 | - | 187.257.766 |
| Республикалық және жергілікті бюджеттерге сомалар аудару (9-ескерту) | (7.509.108) | - | (7.509.108) |
| Таза кіріс | - | 10.015.767 | 10.015.767 |

31 желтоқсан 2001 жылғы Сальдо 179.748.658 10.015.767 189.764.425

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықтағы мерзімге таза активтердің өзгерісі туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | |
|---|---|
| Операциялық қызмет | |
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен таза кіріс | 10.015.767 |
| Түзетулер: | |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кіріс өзгертуіне | (4.192.090) |
| Бағалы қағаздар бойынша өткізілмеген кіріс өзгертуіне | (2.373.152) |
| | 3.450.525 |
| Операциялық активтерді ұлғайту: | |
| Сауда-саттық бағалы қағаздары | (180.619.642) |
| Операциялық міндеттемелерді ұлғайту: | |
| Есептелген шығындар | 43.244 |
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза пайдаланылуы | (177.125.873) |
| Қаржылық қызмет | |
| ҚР Қаржы Министрлігінен түскен түсімдер (8-ескерту) | 187.287.766 |
| Республикалық және жергілікті бюджеттерге аударымдар (9-ескерту) | (7.509.108) |
| Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаттары | 179.748.658 |
| Ақша қаражаттарының таза ұлғайтылуы | 2.622.785 |
| Мерзім басына арналған ақша қаражаттары | - |

Мерзім аяғына арналған ақша қаражаттары 2.622.785

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Қаржылық есепке жасалатын ескертулер

1. Қызметтің суреттемесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (мәтін бойынша әрі қарай - "Қор") Қазақстан Республикасы Президентінің 23 тамыз 2000 жылғы Қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі шеңберінде Қазақстанның болашақ буынын сақтап қалу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінен (мәтін бойынша әрі қарай - " Министрлік") алынған қаражаттарды инвестициялау мақсатында құрылған. Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі Қорды қадағалайды, Қордағы ақша қаражаттарын орналастыру және аудару рәсімін басқарады, Қордың есебінен аударудың авторизация рәсімін басқарады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қордың Менеджері болып тағайындалған (мәтін бойынша әрі қарай - "Менеджер"). Қаражаттарды есепке алу, басқару және сақтаудың барлық функцияларын Қор Менеджерге тапсырды.

Қор өзінің қызметін қаржы Министрлігі Қорға бірінші жарна енгізгеннен кейін 18 мамыр 2001 жылы бастады.

Қор Қазақстан Республикасында орналасқан. 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша Қордың қызметкерлері болмаған.

## 2. Қаржылық есепті ұсыну негізі

Қордың қаржылық есебі қаржы есебінің Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепке алудың Қалыптары (мәтін бойынша әрі қарай - "ҚРБЕҚ") түсіндірмелерге сәйкес дайындалды.

ҚРБЕҚ-ң талаптарына сәйкес Қор есепке алу құжаттамасын жүргізіп, қазақстандық теңгеде қаржылық есепті құрастырады.

## 3. Есепке алу саясатының негізгі принциптеріне шолу

### Есеп ұсыну негізі

Ұсынылатын қаржылық есеп бағалы қағаздардың есептелген әділ құнын есепке ала

отырып, түзетілген бастапқы құн принципі бойынша дайындалған.

Қаржылық есепті дайындау басшылықтың қаржылық есепте көрсетілген сомаларға ықпал ететін бағалаулар мен рұқсаттарды пайдалануын қарастырады. Субъективті баға беру қаржылық есепті құрастыру күніндегі мәліметтерге негізделген, сондықтан да іс жүзіндегі нәтижелер осындай субъективті баға беруден ерекшеленуі мүмкін.

3. Есепке алу саясатының негізгі принциптеріне шолу (жалғасы)

Есеп ұсыну негізі (жалғасы)

Ұсынылатын қаржылық есеп 2002 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен (мәтін бойынша әрі қарай - "ҚРҰБ") және қаржы Министрлігімен бекітілген. Қордың Кеңесі осы қаржылық есепті ол шығарылғаннан кейін толықтыру өкіміне ие.

Сауда-саттық бағалы қағаздары

Сауда-саттық бағалы қағаздары сауда-саттық мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардан тұрады және сауда операциялары жасалған күнгі жағдайы бойынша есепке алынып, әрбір бағалау күнінің есеп айырысудың әділ құнында көрсетіледі. Барлық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құны болып табылатын және осы сатып алынған бағалы қағаздарға қатысты сатып алу комиссиясының құнын қамтитын құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы көріністен кейін саудаға арналған бағалы қағаздар есеп айырысудың әділ құнында көрсетіледі. Бағалы қағаздардың әділ құнына енгізілген өзгертулер мен олар бойынша проценттерден түсетін кірістер қаржы-шаруашылық қызметі туралы берілген есептегі инвестициядан түсетін кірістің есебіне кіреді.

Осындай бағалы қағаздардың есептелген әділ құнын анықтау барысында олардың сол бағалы қағаздар айналатын негізгі рыноктағы соңғы бағасы немесе Блумберг кодтау жүйесінен немесе мойындалған маркетмейкерлерден немесе дилерлерден алынған ұсыныс бағасының котировкасы пайдаланылады.

Бағалы қағаздарға, сондай-ақ РЕПО келісімдері бойынша сатып алынған қағаздар да жатады. Ондай бағалы қағаздар инвестициялық операциялар болып табылады және сондай бағалы қағаздардың мойындалған маркетмейкерлерден немесе дилерлерден алынған ұсыныс бағаларымен өлшенген әділ құны бойынша есепке алынады.

Салықтар

Қазақстандық заңдарға сәйкес Қор барлық салық төлемдерінен босатылған.

## Шетел валютасын айырбастау

Қазақстандық теңге Қазақстан Республикасынан тыс еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валютасында депозитке салынған операциялар ҚРҰБ белгіленетін бағамды пайдалана отырып есепке алынады, ол бағам шамамен Қазақстандық қорлық биржаға белгіленетін рыноктық айырбастау бағамына тең келеді 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша рыноктың айырбастау бағамы бір АҚШ долларына 150.94 теңге құрған. 2002 жылдың 30 наурызына рыноктың айырбастау бағамы бір АҚШ долларына 152.44 теңге құрған.

## 3. Есепке алу саясатының негізгі принциптеріне шолу (жалғасы)

## Шетел валютасын айырбастау (жалғасы)

Шетел валютасындағы операциялар аудару операцияларды жасау күніндегі бағам бойынша есепке алынады. Осындай операцияларды тамамдаудан туындайтын кірістер мен шығындар қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ұсынылған есебіндегі шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудың өткізілген кірісіне есептелген.

Шетел валюталарында депозитке салынған активтер мен міндеттемелерді аудару кірістері ұсынылған қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептегі шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кірісіне есептелген.

## Түсімдер

Түсімдер қаржы Министрлігінен алынған сомалардың әділ құны бойынша көрсетіледі.

## Аударымдар

Қаржы Министрлігінен алынған нұсқауларға сәйкес Қазақстан Республикасының Республикалық және жергілікті бюджеттеріне аударылған аударым сомаларының әділ құны бойынша көрсетілген.

## Кірістер мен шығындарды есепке алу

Проценттер бойынша кірістер мен шығындар есептеу әдісі бойынша есепке алынған, яғни олардың алынуы немесе шегілуі бойынша есепке алынған.

Байланысты тараптар

Байланысты тараптар ҚРҰБ және Қазақстан Республикасының Үкіметін, сонымен қоса қаржы Министрлігі мен Үкіметтің жергілікті органдарын қамтиды. Қор ҚРҰБ өзінің активтерін сақтау және басқару жөніндегі кастодианы және Менеджері ретінде пайдаланады. Қордан түскен барлық түсім қаржы Министрлігімен жасалған. Барлық аударымдар қаржы Министрлігінен төлемдер бойынша келіп түскен нұсқауларға сәйкес Қазақстан Республикасының Республикалық және жергілікті бюджеттеріне жасалған.

4. Бірлескен шығындар

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының сенімді басқаруы туралы Шартқа сәйкес (мәтін бойынша әрі қарай - "Шарт") Менеджер Қорға кеңес беру және әкімшілік қызметтер көрсетеді. Шартқа сәйкес Менеджер Қордың активтерін қадағалау және басқаруын бағалауды жүзеге асырудың толық жауапкершілігін артады. Менеджер өз қалауы бойынша Қордың активтерін инвестициялау сұрақтары бойынша, бағалы қағаздардың портфелін, сонымен қатар өзге де бағалы қағаздарды сатып алу, сату сұрақтарының шешімдерін қабылдайды. Осы Шартқа сәйкес менеджер Қордың әдеттегі операцияларын өткізуге қажетті қызметтерді қамтамасыз етуге өз есебінен жауап береді, оның қатарына кастодиалды, әкімшілік, трансфертті қызметтер, портфельді есепке алу қызметтері де кіреді. Менеджер сонымен қатар комиссионды брокерлердің төлемақысы, проценттері, сыйақылары, сот процесіне немесе қажеттілік туындаған жағдайда өтемақы төлеуге қатысты туындаған төтенше бір уақыттағы шығындарды төлеу бойынша барлық шығындарды артады. Сенімді

басқару туралы Келісімге сәйкес Қор Менеджерге Қордың таза активтерінің орташа айлық сомасының 0,075 проценті мөлшерінде есептелген (мәтін бойынша әрі қарай - "Бірлескен шығындар") ай сайын комиссия төлейді, ол тоқсан сайын төленіп отыруға тиіс.

5. Ақша қаражаттары

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары ҚРҰБ ағымдағы процентсіз есепшоттарында орналастырылған ақша қаражаттарынан құралады.

6. Бағалы қағаздар

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы инвестициялар келесі бағалы қағаздарға жасалған болатын:

| | |
|---|---|
| АҚШ-ң қазыналық вексельдері | 30.959.966 |
| АҚШ-ң қазыналық облигациялары | 21.163.601 |
| АҚШ агенттігінің облигациялары | 133.748.139 |

Кері РЕПО келісімі бойынша сатып алынған
бағалы қағаздар 1.313.178

187.184.884

АҚШ-ң қазыналық вексельдері бойынша проценттік ставка жылына 1,8 процент құрайды. Өтеу мерзімі 2002 жылдың мамыр айы.

АҚШ агенттігінің облигациялары АҚШ Үкіметінің ассоциацияларымен шығарылған бағалы қағаздарды танытады. Олар бойынша проценттік ставка жылына 1,8 процент пен 2,4 процент аралығында құбылады. Оларды өтеу мерзімі 2002 жыл. Бұл бағалы қағаздар АҚШ Үкіметінің барлық кірістерімен және қарыздарымен тура қамтамасыз етілмеген.

Кері РЕПО келісімі бойынша сатып алынған бағалы қағаздар жылына 1,58 процент мөлшеріндегі сыйақымен қоса АҚШ Үкіметі шығарған бағалы қағаздардан тұрады. Төлем мерзімі 2002 жылдың қаңтар айы.

7. Есептелген шығындар

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген шығындар мыналардан құралған:

Есептелген бірлескен шығындар (4-ескерту) 35.226
Кәсіби қызмет төлеміне есептелген шығындар 8.018

43.244

Есептелген бірлескен шығындар менеджерге 2001 жылдың төртінші кварталына төленуге тиісті комиссиядан тұрады.

8. Түсімдер

Түсімдер қазақстандық заңдарға сәйкес қаржы Министрлігінің түрлі көздерден алған және Қорда орналастырылған қаражаттарынан тұрады. Қаржы Министрлігінен түскен Қор құрылған сәттен 23 тамыз 2000 жылдан бастап 2001-жылдың 31-желтоқсанына дейінгі мерзімдегі түсімдер қаржы министрлігінен алынған хабарландыруларға сәйкес топталып, төмендегіден тұрады:

Мұнай өндіретін бірлескен кәсіпорындағы мемлекеттің
үлесін сатудан түскен табыс 98.729.023
Табыс салығы 67.777.053
Роялти 20.662.540
Бонустар 72.291
Қосымша құн салығы 16.859

187.257.766

9. Аударымдар

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзім ішінде Қордың аударымдары қаржы министрлігінің нұсқауларына сәйкес келесі облыстардың жергілікті және Республикалық бюджеттеріне жасалған:

| | |
|---|---|
| Атырау облысы | 74.850 |
| Қарағанды облысы | 412.491 |
| Маңғыстау облысы | 1.408.310 |
| Батыс Қазақстан облысы | 1.840.223 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 1.141.049 |
| Ақтөбе облысы | 2.632.185 |
| | 7.509.108 |

10. Кәсіби қызметтерді төлеу шығындары

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде кәсіби қызметтерді төлеу шығындары төмендегіні құрды:

| | |
|---|---|
| Аудиторлық қызметтер | 7.192 |
| Заң қызметтері | 826 |
| | 8.018 |

11. Активтер мен міндеттемелердің мерзім бойынша сараптамасы

Ақша активтері мен міндеттемелерінің өтеу мерзімдері жіберілетін

шартқа және баланс күні ақша активтері мен міндеттемелерін рәсімдеу талаптарына сәйкес берешекті өтеу күніне дейінгі қалатын мерзімді білдіреді, оның қатарына мерзімдері талаптарға тәуелсіз "талап еткенге дейін" өтелуге тиісті деп көрсетілген бағалы қағаздар кірмейді. Тәжірибе жүзінде ақша активтері мен міндеттемелерін өтеудің іс жүзіндегі мерзімдері ауызша келісімдердің немесе осы шартқа жасалатын қосымша негізінде ерекшеленуі мүмкін.

2001 жылдың 31 желтоқсанында барлық монетарлы активтер мен

міндеттемелер берешекті өтеу мерзіміне дейін бір айдан аз қалдық мерзіміне ие болған.

12. Қаржылық құралдар

Қаржылық құралдарды негізінен 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы Қордың баланс баптары құрған. Кредит қатері, процент ставкасының қатеріне және валюта қатеріне шалдығу Қордың бизнесін қалыпты жүргізу барысында туындайды.

Кредит Қатері

Қор өзінің кредит қатерін өзінің барлық активтерін ААА кредит рейтингі бар, рыноктарда қол жеткізуге болатын ең жоғарғы кредит рейтингі бар жоғары жойылымдылықтағы бағалы қағаздарға орналастыру жолымен басқарады.

Рыноктық қатер

Рыноктық қатер рыноктық бағаларды өзгерту нәтижесінде, яғни процентгік ставкалар мен айырбастау бағамдарын өзгерту нәтижесінде қаржылық құралдардың құнын оң және теріс өзгерту мүмкіндігін танытады. Қор өзінің рыноктық қатерін активтерін қазақстандық теңгемен салыстырғанда ең тұрақты болып табылатын валютаға АҚШ долларына, өзгертуге ең аз шалдығатын бағалы қағаздар - мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру жолымен басқарады.

Қаржылық құралдардың әділ құны

2001 жылдың 31 желтоқсанына Қордың барлық активтері мен міндеттемелері әділ құны бойынша есептелген.

13. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер

Келесі кестеде барлық ақша активтерінің 2001 жылғы 31 желтоқсандағы барлық ақша активтерінің балама сомалары көрсетілген.

| | Теңге | АҚШ доллары | Жалпы |
|---|---|---|---|
| Активтер | | | |
| Ақша қаражаттары | 2.585.784 | 37.001 | 2.622.785 |
| Сауда-саттық бағалы қағаздар | - | 187.184.884 | 187.184.884 |
| Жалпы ақша активтері | 2.585.784 | 187.221.885 | 189.807.669 |
| Міндеттемелер | | | |
| Есептелген шығындар | 42.418 | 826 | 43.244 |
| Жалпы ақша міндеттемелері | 42.418 | 826 | 43.244 |
| Таза провизия | 2.543.366 | 187.221.059 | 189.764.425 |

14. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейін Қор байланысты тараптармен келесі операция түрлерін жүзеге асырды:

| | |
|---|---|
| Бірлескен шығындар | 72.442 |
| ҚР қаржы Министрлігінен түскен түсімдер | 187.257.766 |
| Республикалық және жергілікті бюджеттерге аударымдар | (7.509.108) |
| Есептелген бірлескен шығындар | 35.226 |

Байланысты тараптармен операциялар бойынша қосымша мәлімет алу үшін сонымен қатар 4, 7, 8 және 9 Қосымшаларды қара.

15. Баланс күнінен кейінгі жағдайлар

2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданған саясатқа сәйкес Қордың 80 процентке жуық активтері түрлі халықаралық менеджерлерде Қордың саясатына сәйкес шекте белгіленген инвестициялау құқығына ие активтермен орналастырылуға тиіс.

2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор өзінің инвестицияларының глобальды кастодианы етіп АБН АМРО Мэллон Глобал Секъюритис Сервисисті тағайындады.

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Қаржылық есеп

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

31 желтоқсан 2001 жыл

Дербес аудиторлардың қорытындысымен бірге

Ernst & Young

;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Дербес аудиторлардың қорытындысы

Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігіне

Біз ұсынылған 31 желтоқсан 2001 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (мәтін бойынша әрі қарай - "Қор") активтері мен міндеттемелері туралы есептің және қаржы-шаруашылық қызметі мен 23 тамыз 2000 жыл мен 31 желтоқсан 2001 жыл аралығындағы мерзімге таза активтердің өзгерісі мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы сәйкес есептердің аудиторлық тексеруін өткіздік. Қаржылық есепке Қордың басшылығы жауап береді. Біз өзіміз өткізген аудиторлық тексерудің негізінде айтылған қаржы есебі туралы пікірімізге жауап береміз.

Біз өзіміздің аудиторлық тексеруімізді бухгалтерлердің Халықаралық федерациясы құрған Халықаралық аудит қалыптарына сәйкес өткіздік. Осы қалыптарға сәйкес біз аудиторлық тексеруді қаржылық есеп беруде қомақты бұрмалаушылықтың жоқтығына жеткілікті дәрежеде көзімізді жеткізетіндей етіп жоспарлап өткізуге тиіспіз. Аудит қаржылық есептегі сомалар мен онда ашылған мәліметтердің құжатты түрде растау үшін мәліметтердің таңдаулы тексеруін қамтиды. Аудит, сондай-ақ қолданбалы бухгалтерлік есепке алудың принциптерін және басшылықпен жасалған қомақты субъективті бағалаудың сараптамасын, сонымен қатар қаржылық есептің жалпы көрінісінің сараптамасын қамтиды. Біз өзіміз өткізген аудиторлық тексеруіміз негізінде пікір айтуға жеткілікті негіз береді деп сенеміз.

Біздің пікірімізше, бұл қаржылық есеп барлық қомақты арақатынаста 31 желтоқсан 2001 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржы жағдайы туралы, оның қаржылық есептің халықаралық қалыптары жөніндегі Комитетпен құрылған қаржы есебінің Халықаралық қалыптарына сәйкес 23 тамыз 2000 жылдан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қызмет ету аралығындағы мерзімге қаржы нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шынайы көрініс береді.

Біз, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тура сол мерзімге Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепке алудың Қалыптарына сәйкес дайындалған қаржылық есебі бойынша жеке қорытынды дайындадық. Жоғарыда көрсетілген қаржылық есепте Қазақстан Республикасындағы қаржылық есеп берудің Халықаралық қалыптары мен бухгалтерлік есепке алудың Қалыптары арасында айырмашылық жоқ.

30 наурыз 2002 жыл

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

31 желтоқсан 2001 жылғы

Активтер мен міндеттемелер туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | | |
|---|---|---|
| Активтер | | |
| Ақша қаражаттары (5-ескерту) | 2.622.785 | |
| Сауда-саттықтағы бағалы қағаздар (6-ескерту) | | 187.184.884 |
| | 189.807.669 | |

Міндеттемелер

| | |
|---|---|
| Есептелген шығындар (7-ескерту) | 43.244 |
| Таза активтер | 189.764.425 |

Таза активтер төмендегілерден тұрады:

| | |
|---|---|
| Үкіметтің есепшоты | 179.748.658 |
| Жинақтаушы кірістер | 10.015.767 |
| Жалпы таза активтер | 189.764.425 |

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған
2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қаржы-шаруашылық қызмет туралы есеп
(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

Инвестициялық қызметтен алынған кіріс

| | |
|---|---|
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен өткізілген таза кіріс | 2.259.628 |
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен өткізілмеген кірісті ұлғайту | 2.373.152 |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кіріс | 4.192.090 |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілген кіріс | 1.271.357 |
| Жалпы инвестициялық кіріс | 10.096.227 |

Шығындар

| | |
|---|---|
| Бірлескен шығындар (4-ескерту) | 72.442 |
| Кәсіби қызметті төлеу шығындары (10-ескерту) | 8.018 |
| Жалпы шығындар | 80.460 |
| Таза табыс | 10.015.767 |

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықтағы мерзімге таза активтердің өзгерісі туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | Үкіметтің есепшоты | Жинақтаушы кіріс | Жалпы |
|---|---|---|---|
| 23 тамыз 2001 жылғы Сальдо | - | - | - |
| ҚР Қаржы Министрлігінен түскен түсімдер (8-ескерту) | 187.257.766 | - | 187.257.766 |
| Республикалық және жергілікті бюджеттерге сомалар аудару (9-ескерту) | (7.509.108) | - | (7.509.108) |
| Таза кіріс | - | 10.015.767 | 10.015.767 |
| 31 желтоқсан 2001 жылғы Сальдо | 179.748.658 | 10.015.767 | 189.764.425 |

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

2000 жылдың 23 тамызынан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықтағы мерзімге таза активтердің өзгерісі туралы есеп

(қазақстандық теңгедегі мыңдықтарда)

| | |
|---|---|
| Операциялық қызмет | |
| Сауда-саттық бағалы қағаздарынан түскен таза кіріс | 10.015.767 |
| Түзетулер: | |
| Шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кіріс өзгертуіне | (4.192.090) |
| Бағалы қағаздар бойынша өткізілмеген кіріс өзгертуіне | (2.373.152) |
| | 3.450.525 |
| Операциялық активтерді ұлғайту: | |
| Сауда-саттық бағалы қағаздары | (180.619.642) |
| Операциялық міндеттемелерді ұлғайту: | |
| Есептелген шығындар | 43.244 |
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза пайдаланылуы | (177.125.873) |
| Қаржылық қызмет | |

ҚР Қаржы Министрлігінен түскен түсімдер (8-ескерту) 187.257.766
Республикалық және жергілікті бюджеттерге аударымдар
(9-ескерту) (7.509.108)
Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаттары 179.748.658
Ақша қаражаттарының таза ұлғайтылуы 2.622.785
Мерзім басына арналған ақша қаражаттары -

Мерзім аяғына арналған ақша қаражаттары 2.622.785

Есепке алу саясаты мен ескертулер қаржылық есептің айнымас бөлігі болып табылады

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Аударма ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған

Қаржылық есепке жасалатын ескертулер

1. Қызметтің суреттемесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (мәтін бойынша әрі қарай - "Қор") Қазақстан Республикасы Президентінің 23 тамыз 2000 жылғы Қаулысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі шеңберінде Қазақстанның болашақ буынын сақтап қалу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінен (мәтін бойынша әрі қарай - " Министрлік") алынған қаражаттарды инвестициялау мақсатында құрылған. Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі Қорды қадағалайды, Қордағы ақша қаражаттарын орналастыру және аудару рәсімін басқарады, Қордың есебінен аударудың авторизация рәсімін басқарады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қордың Менеджері болып тағайындалған (мәтін бойынша әрі қарай - "Менеджер"). Қаражаттарды есепке алу, басқару және сақтаудың барлық функцияларын Қор Менеджерге тапсырды.

Қор өзінің қызметін қаржы Министрлігі Қорға бірінші жарна енгізгеннен кейін 18 мамыр 2001 жылы бастады.

Қор Қазақстан Республикасында орналасқан. 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша Қордың қызметкерлері болмаған.

2. Қаржылық есепті ұсыну негізі

Қордың қаржылық есебі қаржы есебінің Халықаралық қалыптары жөніндегі Комитетпен шығарылған (ҚЕХҚК) қаржы есебінің Халықаралық қалыптарына (мәтін бойынша әрі қарай - "ҚЕХҚ") және ҚЕХҚК-гі күші бар түсіндірмелері бойынша Комитетпен жасалған түсіндірмелерге сәйкес дайындалды.

Қазақстанның заңдарына сәйкес Қор Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік

есепке алу Қалыптарына сәйкес (мәтін бойынша әрі қарай - "ҚРБЕҚ") есепке алу құжаттамасын жүргізіп, қаржылық есеп құрастыруға тиісті. ҚРБЕҚ-ң талаптарына сәйкес Қор есепке алу құжаттамасын жүргізіп, қазақстандық теңгеде қаржылық есепті құрастырады.

## 3. Есепке алу саясатының негізгі принциптеріне шолу

### Есеп ұсыну негізі

Ұсынылатын қаржылық есеп бағалы қағаздардың есептелген әділ құнын есепке ала отырып, түзетілген бастапқы құн принципі бойынша дайындалған.

Қаржылық есепті дайындау басшылықтың қаржылық есепте көрсетілген сомаларға ықпал ететін бағалаулар мен рұқсаттарды пайдалануын қарастырады. Субъективті баға беру қаржылық есепті құрастыру күніндегі мәліметтерге негізделген, сондықтан да іс жүзіндегі нәтижелер осындай субъективті баға беруден ерекшеленуі мүмкін.

### Есеп ұсыну негізі (жалғасы)

Ұсынылатын қаржылық есеп 2002 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен (мәтін бойынша әрі қарай - "ҚРҰБ") және қаржы Министрлігімен бекітілген. Қордың Кеңесі осы қаржылық есепті ол шығарылғаннан кейін толықтыру өкіміне ие.

### Сауда-саттық бағалы қағаздары

Сауда-саттық бағалы қағаздары сауда-саттық мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардан тұрады және сауда операциялары жасалған күнгі жағдайы бойынша есепке алынып, әрбір бағалау күнінің есеп айырысудың әділ құнында көрсетіледі. Барлық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құны болып табылатын және осы сатып алынған бағалы қағаздарға қатысты сатып алу комиссиясының құнын қамтитын құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы көріністен кейін саудаға арналған бағалы қағаздар есеп айырысудың әділ құнында көрсетіледі. Бағалы қағаздардың әділ құнына енгізілген өзгертулер мен олар бойынша проценттерден түсетін кірістер қаржы-шаруашылық қызметі туралы берілген есептегі инвестициядан түсетін кірістің есебіне кіреді.

Осындай бағалы қағаздардың есептелген әділ құнын анықтау барысында олардың сол бағалы қағаздар айналатын негізгі рыноктағы соңғы бағасы немесе Блумберг кодтау жүйесінен немесе мойындалған маркетмейкерлерден немесе дилерлерден алынған ұсыныс бағасының котировкасы пайдаланылады.

Бағалы қағаздарға, сондай-ақ РЕПО келісімдері бойынша сатып алынған қағаздар да жатады. Ондай бағалы қағаздар инвестициялық операциялар болып табылады және сондай бағалы қағаздардың мойындалған маркетмейкерлерден немесе дилерлерден

алынған ұсыныс бағаларымен өлшенген әділ құны бойынша есепке алынады.

Салықтар

Қазақстандық заңдарға сәйкес Қор барлық салық төлемдерінен босатылған.

Шетел валютасын айырбастау

Қазақстандық теңге Қазақстан Республикасынан тыс еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валютасында депозитке салынған операциялар ҚРҰБ белгіленетін бағамды пайдалана отырып есепке алынады, ол бағам шамамен Қазақстандық қорлық биржаға белгіленетін рыноктық айырбастау бағамына тең келеді 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша рыноктың айырбастау бағамы бір АҚШ долларына 150.94 теңге құрған. 2002 жылдың 30 наурызына рыноктың айырбастау бағамы бір АҚШ долларына 152.44 теңге құрған.

Шетел валютасындағы операциялар аудару операцияларды жасау күніндегі бағам бойынша есепке алынады. Осындай операцияларды тамамдаудан туындайтын кірістер мен шығындар қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ұсынылған есебіндегі шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудың өткізілген кірісіне есептелген.

Шетел валюталарында депозитке салынған активтер мен міндеттемелерді аудару кірістері ұсынылған қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептегі шетел валютасында депозитке салынған активтерді қайта бағалаудан түскен өткізілмеген кірісіне есептелген.

Түсімдер

Түсімдер қаржы Министрлігінен алынған сомалардың әділ құны бойынша көрсетіледі.

Аударымдар

Қаржы Министрлігінен алынған нұсқауларға сәйкес Қазақстан Республикасының Республикалық және жергілікті бюджеттеріне аударылған аударым сомаларының әділ құны бойынша көрсетілген.

Кірістер мен шығындарды есепке алу

Проценттер бойынша кірістер мен шығындар есептеу әдісі бойынша есепке алынған, яғни олардың алынуы немесе шегілуі бойынша есепке алынған.

Байланысты тараптар

Байланысты тараптар ҚРҰБ және Қазақстан Республикасының Үкіметін, сонымен қоса қаржы Министрлігі мен Үкіметтің жергілікті органдарын қамтиды. Қор ҚРҰБ өзінің активтерін сақтау және басқару жөніндегі кастодианы және Менеджері ретінде пайдаланады. Қордан түскен барлық түсім қаржы Министрлігімен жасалған. Барлық аударымдар қаржы Министрлігінен төлемдер бойынша келіп түскен нұсқауларға сәйкес Қазақстан Республикасының Республикалық және жергілікті бюджеттеріне жасалған.

4. Бірлескен шығындар

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының сенімді басқаруы туралы Шартқа сәйкес (мәтін бойынша әрі қарай - "Шарт") Менеджер Қорға кеңес беру және әкімшілік қызметтер көрсетеді. Шартқа сәйкес Менеджер Қордың активтерін қадағалау және басқаруын бағалауды жүзеге асырудың толық жауапкершілігін артады. Менеджер өз қалауы бойынша Қордың активтерін инвестициялау сұрақтары бойынша, бағалы қағаздардың портфелін, сонымен қатар өзге де бағалы қағаздарды сатып алу, сату сұрақтарының шешімдерін қабылдайды. Осы Шартқа сәйкес менеджер Қордың әдеттегі операцияларын өткізуге қажетті қызметтерді қамтамасыз етуге өз есебінен жауап береді, оның қатарына кастодиалды, әкімшілік, трансфертті қызметтер, портфельді есепке алу қызметтері де кіреді. Менеджер сонымен қатар комиссионды брокерлердің төлемақысы, процентері, сыйақылары, сот процесіне немесе қажеттілік туындаған жағдайда өтемақы төлеуге қатысты туындаған төтенше бір уақыттағы шығындарды төлеу бойынша барлық шығындарды артады. Сенімді

басқару туралы Келісімге сәйкес Қор Менеджерге Қордың таза активтерінің орташа айлық сомасының 0,075 проценті мөлшерінде есептелген (мәтін бойынша әрі қарай - "Бірлескен шығындар") ай сайын комиссия төлейді, ол тоқсан сайын төленіп отыруға тиіс.

5. Ақша қаражаттары

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары ҚРҰБ ағымдағы процентсіз есепшоттарында орналастырылған ақша қаражаттарынан құралады.

6. Бағалы қағаздар

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы инвестициялар келесі бағалы қағаздарға жасалған болатын:

| | |
|---|---|
| АҚШ-ң қазыналық вексельдері | 30.959.966 |
| АҚШ-ң қазыналық облигациялары | 21.163.601 |

АҚШ агенттігінің облигациялары 133.748.139

Кері РЕПО келісімі бойынша сатып алынған бағалы қағаздар 1.313.178

187.184.884

АҚШ-ң қазыналық вексельдері бойынша проценттік ставка жылына 1,8 процент құрайды. Өтеу мерзімі 2002 жылдың мамыр айы.

АҚШ агенттігінің облигациялары АҚШ Үкіметінің ассоциацияларымен шығарылған бағалы қағаздарды танытады. Олар бойынша проценттік ставка жылына 1,8 процент пен 2,4 процент аралығында құбылады. Оларды өтеу мерзімі 2002 жыл. Бұл бағалы қағаздар АҚШ Үкіметінің барлық кірістерімен және қарыздарымен тура қамтамасыз етілмеген.

Кері РЕПО келісімі бойынша сатып алынған бағалы қағаздар жылына 1,58 процент мөлшеріндегі сыйақымен қоса АҚШ Үкіметі шығарған бағалы қағаздардан тұрады. Төлем мерзімі 2002 жылдың қаңтар айы.

7. Есептелген шығындар

2001 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген шығындар мыналардан құралған:

Есептелген бірлескен шығындар (4-ескерту) 35.226

Кәсіби қызмет төлеміне есептелген шығындар 8.018

43.244

Есептелген бірлескен шығындар менеджерге 2001 жылдың төртінші кварталына төленуге тиісті комиссиядан тұрады.

8. Түсімдер

Түсімдер қазақстандық заңдарға сәйкес қаржы Министрлігінің түрлі көздерден алған және Қорда орналастырылған қаражаттарынан тұрады. Қаржы Министрлігінен түскен Қор құрылған сәттен 23 тамыз 2000 жылдан бастап 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімдегі түсімдер қаржы министрлігінен алынған хабарландыруларға сәйкес топталып, төмендегіден тұрады:

Мұнай өндіретін бірлескен кәсіпорындағы мемлекеттің үлесін сатудан түскен табыс 98.729.023

Табыс салығы 67.777.053

Роялти 20.662.540

Бонустар 72.291

Қосымша құн салығы 16.859

187.257.76
6

9. Аударымдар

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзім ішінде Қордың аударымдары қаржы министрлігінің нұсқауларына сәйкес келесі облыстардың жергілікті және Республикалық бюджеттеріне жасалған.

| | |
|---|---|
| Атырау облысы | 74.850 |
| Қарағанды облысы | 412.491 |
| Маңғыстау облысы | 1.408.310 |
| Батыс Қазақстан облысы | 1.840.223 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 1.141.049 |
| Ақтөбе облысы | 2.632.185 |
| | 7.509.108 |

10. Кәсіби қызметтерді төлеу шығындары

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде кәсіби қызметтерді төлеу шығындары төмендегіні құрды:

| | |
|---|---|
| Аудиторлық қызметтер | 7.192 |
| Заң қызметтері | 826 |
| | 8.018 |

11. Активтер мен міндеттемелердің мерзім бойынша сараптамасы

Ақша активтері мен міндеттемелерінің өтеу мерзімдері жіберілетін

шартқа және баланс күні ақша активтері мен міндеттемелерін рәсімдеу талаптарына сәйкес берешекті өтеу күніне дейінгі қалатын мерзімді білдіреді, оның қатарына мерзімдері талаптарға тәуелсіз "талап еткенге дейін" өтелуге тиісті деп көрсетілген бағалы қағаздар кірмейді. Тәжірибе жүзінде ақша активтері мен міндеттемелерін өтеудің іс жүзіндегі мерзімдері ауызша келісімдердің немесе осы шартқа жасалатын қосымша негізінде ерекшеленуі мүмкін.

2001 жылдың 31 желтоқсанында барлық монетарлы активтер мен міндеттемелер берешекті өтеу мерзіміне дейін бір айдан аз қалдық мерзіміне ие болған.

12. Қаржылық құралдар

Қаржылық құралдарды негізінен 2001 жылдың 31 желтоқсанындағы Қордың баланс баптары құрған. Кредит қатері, процент ставкасының қатеріне және валюта қатеріне шалдығу Қордың бизнесін қалыпты жүргізу барысында туындайды.

Кредит Қатері

Қор өзінің кредит қатерін өзінің барлық активтерін ААА кредит рейтингі бар, рыноктарда қол жеткізуге болатын ең жоғарғы кредит рейтингі бар жоғары жойылымдылықтағы бағалы қағаздарға орналастыру жолымен басқарады.

Рыноктық қатер

Рыноктық қатер рыноктық бағаларды өзгерту нәтижесінде, яғни проценттік ставкалар мен айырбастау бағамдарын өзгерту нәтижесінде қаржылық құралдардың құнын оң және теріс өзгерту мүмкіндігін танытады. Қор өзінің рыноктық қатерін активтерін қазақстандық теңгемен салыстырғанда ең тұрақты болып табылатын валютаға АҚШ долларына, өзгертуге ең аз шалдығатын бағалы қағаздар - мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру жолымен басқарады.

Қаржылық құралдардың әділ құны

2001 жылдың 31 желтоқсанына Қордың барлық активтері мен міндеттемелері әділ құны бойынша есептелген.

13. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер

Келесі кестеде барлық ақша активтерінің 2001 жылғы 31 желтоқсандағы барлық ақша активтерінің балама сомалары көрсетілген.

| | Теңге | АҚШ доллары | Жалпы |
|---|---|---|---|
| Активтер | | | |
| Ақша қаражаттары | 2.585.784 | 37.001 | 2.622.785 |
| Сауда-саттық бағалы қағаздар | - | 187.184.884 | 187.184.884 |
| Жалпы ақша активтері | 2.585.784 | 187.221.885 | 189.807.669 |
| Міндеттемелер | | | |
| Есептелген шығындар | 42.418 | 826 | 43.244 |
| Жалпы ақша міндеттемелері | 42.418 | 826 | 43.244 |
| Таза провизия | 2.543.366 | 187.221.059 | 189.764.425 |

14. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

Қор құрылған сәттен бастап 23 тамыз 2000 жылдан 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейін Қор байланысты тараптармен келесі операция түрлерін жүзеге асырды:

| | |
|---|---|
| Бірлескен шығындар | 72.442 |
| ҚР қаржы Министрлігінен түскен түсімдер | 187.257.766 |
| Республикалық және жергілікті бюджеттерге аударымдар | (7.509.108) |
| Есептелген бірлескен шығындар | 35.226 |

Байланысты тараптармен операциялар бойынша қосымша мәлімет алу үшін сонымен қатар 4, 7, 8 және 9 Қосымшаларды қара.

15. Баланс күнінен кейінгі жағдайлар

2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметімен қабылданған саясатқа сәйкес Қордың 80 процентке жуық активтері түрлі халықаралық менеджерлерде Қордың саясатына сәйкес шекте белгіленген инвестициялау құқығына ие активтермен орналастырылуға тиіс.

2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор өзінің инвестицияларының глобальды кастодианы етіп АБН АМРО Мэллон Глобал Секъюритис Сервисисті тағайындады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қоры

Басшыларына хат
2001 жылдың 31 желтоқсаны


Ernst & Young Эрнст энд Янг
; 273 Furmanova St. 273 Фурманов көшесі
Almaty Kazakhstan 480099 Алматы Қазақстан, 480099
Phone: 7(3272) 585 960 Телефон: 7(3272) 585 960
7(3272) 585 969 7(3272) 585 969
Fax: 7(3272) 585 961 Факс:


Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының
Басшылығына

Құрметті мырзалар,

Біз Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының құрылу кезеңі 2001 жылдың 23 тамызынан бастап 31 желтоқсанға дейінгі аудитін аяқтадық. Қаржы есебін жоспарлау және аудитін жүргізу барысында біз қаржылық есеп туралы нәтижелерімізді көрсету мақсатында аудиторлық рәсімдерді анықтау үшін Қордың ішкі бақылау құрылымын

қарап шықтық, бірақ бұл ішкі бақылау құрылым тиімділігін растау үшін жасалған жоқ.

Бухгалтерлік есеппен және ішкі бақылаумен байланысты кейбір мәселелерді ерекше атап өттік, олар есеп берудің шарттары ретінде қаралды. Есеп беру шарттары - біздің назарымызға іліккен және есепке алу рәсімдерінің немесе ішкі бақылаудың жобалануында және қызмет етуінде қомақты кемшіліктер болып есептелінетін мәселелер болып табылады, біздің ойымызша, олар ұйымның қаржы мәліметтерін көрсету, өңдеу, жалпылау қабілетіне, сондай-ақ қаржы есебі туралы басшылық бекітулеріне сәйкес олар бойынша есеп беруге кері әсер етеді.

Қомақты кемшіліктер есеп беру шарттары болып табылады, ол жерде ішкі бақылаудың бір немесе бірнеше компоненттерінің жобалануы немесе қызмет етуі қомақты қателіктердің аудит жүргізілген қаржы есебіне қатысты пайда болатындығына және оны қызметкерлер өз міндеттерін орындау барысында дер кезінде көрмей қалатындығына байланысты қатер салыстырмалы түрдегі төмен дәрежеге құлдырамайды.

Ішкі бақылауды тексеру есеп беру шарттары болып табылатын ішкі бақылаудың барлық мәселелері жарыққа шығарылады деген сөз емес, және осыған сәйкес бұл жоғарыда сипатталған қомақты кемшілік болып табылатын есеп берудің барлық шарттары жарыққа шығарылады деген мағынаны білдірмейді. Жүргізілген аудит барысында табылған қомақты кемшіліктер осы хаттың 1-Тарауында көрсетілген.

Сондай-ақ біз есеп беру шарттары болып табылатын өзге де мәселелерді көрсетіп өттік. Бұл мәселелер осы хаттың 2-Тарауында көрсетілген. Есеп берудің жоғарыда көрсетілген шарттарына қосымша ретінде біз өзге мәселелер бойынша да түсініктемелер бердік, олар 3 Тарауда көрсетілген.

Бұл Есеп ҚР Ұлттық қорын Басқару жөніндегі Кеңестің, басшылар мен

ұйым шегіндегі өзге тұлғалардың ақпараты үшін және пайдалану мақсатына арналған, және жоғарыда көрсетілгендерден өзге тұлғалардың пайдалануы үшін ескерілмеген.

Біз Сіздермен жоғарыда көрсетілгендерді талқылауға және кез келген сауалдарыңызға Өздеріңізге ыңғайлы кез келген уақытта жауап беруге дайын екендігімізді білдіреміз.

Құрметпен,

Азамат Ержанов, Әріптес

2002 жылдың 30 наурызы

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

Басшылыққа хат - Мәселелер мен ескертулер

2001 жылдың 31 желтоқсаны

1. ҚОМАҚТЫ КЕМШІЛІКТЕР

1.1. ЕСЕПКЕ АЛЫНБАҒАН ОҢ БАҒАМ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Шетел валютасында (АҚШ долларында) депозитке салынған ақша активтері мен міндеттер бухгалтерлік есепке алу бойынша халықаралық және қазақстандық қалыптарға сәйкес жабылу күнгі қаржылық есепте айырбас бағамы бойынша теңгеде қайта есептелмеген. Оң бағамдық айырмашылықтар 2001 жылдың тоқсандық есептерінде есепке алынбаған және олар 5.463 миллион теңге сомасына енгізілмеген.

Кеңестер

Біз Қорға шетел валютасында депозитке салынған баланс шоттарын ай сайынғы негізде теңгеде қайта есептеп отыруға кеңес береміз.

1.2. ҚОРДЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖҮРГІЗУІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі баланстан тыс шоттардағы барлық есепке алу тізбелерін растайды. Менеджерге толық бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге формалды түрде талап қойылмайтын болғандықтан, Қордың есепке алу тізбелеріне екі түрлі жазба енгізілмейді, ал бұл жағдай міндеттер мен кіріс сомасын активтермен сәйкестендіру кезінде қиыншылық туғызды.

Кеңестер

Қорға өзінің бухгалтерлік тізбелерін қалыпты жағдайда ұстау үшін екі түрлі жазба енгізу тәсілін пайдалану керек.

2. ЕСЕП БЕРУДІҢ ӨЗГЕДЕ ШАРТТАРЫ

2.1. ЕСЕПТЕЛГЕН ПРОЦЕНТТЕР

Қордың есепке алу кезінде есептелген проценттерді инвестициялардан бөлмейтіндігін байқадық. Есептелген проценттер инвестициялардың жалпы құнына енгізіледі.

Кеңестер

Біз Қорға өзінің есептелген процентін инвестициялық шоттардан айыруды жүзеге асыруға кеңес береміз.

2.2. ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ - ҚРҰБ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БЕКІТУІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Ұлттық Қордың сенімді басқармасы жанындағы инвестициялық операцияларды жүзеге асыру нәтижелері жөніндегі жылдық Есепті (бұдан былай мәтін бойынша - "Есеп") аудит аяқталғанға дейін мақұлдады.

Кеңестер

Негізінде ҚР Ұлттық банкі Басқармасының Есепті мақұлдауы аудит

аяқталғаннан кейін жүзеге асырылуға тиіс. Бұл шешілмеген қайшылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді және қателіктер мен сәйкессіздіктер мөлшерін азайтады.

2.3. ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - КӨРСЕТКІШТЕРДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕР

Біз Есепке енгізілген кейбір ақпараттарды Блумберг жүйесінен алынған архивтік мәліметтермен салыстырып, жылдық Есептен төмендегі қателіктерді таптық:

"2001 жылғы рынокты шолу" Бөлімі

Жапониядағы өндірістік өндіріс көрсеткішінің төмендеуі 33% емес 13.7% болған.

Жапониядағы жеке сату көлемінің төмендеуі 3.5% емес 3.2% болған.

АҚШ он жылдық қазыналық міндеттердің жылдық кірісі Есепте көрсетілгендей 6.75%, емес. Блумберг жүйесіндегі мәліметтерге сәйкес бұл облигациялардың әкелген кірісі 6.5% болған.

Кеңестер

Біз Есепті даярлау рәсімі кезінде Қор мен Менеджерге мәліметтерді қатаң қадағалауға кеңес береміз, бұны әр цифрдың дұрыстығына және ақпарат көзінің дұрыс пайдалануына жауап беретін тұлғаны сайлау арқылы жүзеге асыруға болады.

2.4. ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - АҚПАРАТ ТОЛЫҚТЫҒЫ

Біз Жылдық Есепте төмендегілер жөнінде толық ақпараттың жоқтығын байқадық:

- "2001 ж. рынокты шолу" бөлімінде АҚШ Федералды Резервтік Банкінің 2001 жылғы ставкаларының төмендеуі бір жылға емес алғашқы екі тоқсанға байланысты ғана көрсетілген.
- Осы Есептің "2001 ж. рынокты шолу" бөлімінің соңғы тарауындағы Есеп мәліметтерінің Жапонияға қатысты екендігі анық көрсетілмеген.
- "Қор қызметі" бөліміндегі "Кіріс және қатерлер" бөлімшесінде 2001 жылдың 18 мамырынан бастап, 31 желтоқсанына дейін есеп кезеңі ішіндегі жалпы кіріс 31 миллион АҚШ долларында немесе орташа есептелген биржа бағамы бойынша 4.501 миллион теңге сомасында көрсетілген. Бірақ жоғарыда көрсетілген сомаға бағамдық айырмашылықтан түскен кірістің енгізілмегендігі айтылмаған. Бағамдық айырмашылықтан түскен кірісті қосып есептегендегі жалпы кіріс 10.015 миллион теңге .

Кеңестер

Біз мына кеңестерді ұсынамыз

1. Басшылық Анализі бойынша Есептерде және нәтижелерді талқылауда екі тоқсандық қана емес, бір жыл ішіндегі толық ақпаратты алу және барлық кезең мәліметтерін енгізу тиімді.

2. Есепке енгізілген барлық ақпарат әр мәнге арналған толық сипатқа ие болуға тиис .

3. Болашақта, халықаралық тәжірибеге сәйкес Қор Есебіне төмендегі ақпараттардың енгізілуі мүмкін:

- Портфельдегі бағалы қағаздардың жалпы мөлшері көрсетілген бағалы қағаздар тізімі, CUSIP (идентификациялық нөмір), құндар және әділ құндар тізімі.
- Жоғарыда көрсетілген тізімнің елдер қиылымында және өндіріс түрінде көрсетілуі мүмкін.
- Барлық акцияларда кірістің есептелетіндігі немесе есептелмейтіндігі жөнінде ақпарат болуға тиіс.
- Басшылықты анализдеу және олар бойынша нәтижелерді талқылау жөніндегі Есеп тараулары әрбір портфельді басқарушы үшін жеке даярлануға тиіс және осы Есепке жеке енгізіледі.

## 2.5. ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - АҚПАРАТ СӘЙКЕСТІЛІГІ

Осы Есептің "Рынокты шолу" бөлімінің "Акциялар рыногы" бөлімшесінде бағалы қағаздар рыногы туралы ақпарат көрсетілген. 2001 жыл ішінде бағалы қағаздардың бұл түріне инвестициялау жүзеге асырылған жоқ. Сондай-ақ бұл жерде, Әлемдік индекс MSCI анализдеу кезінде пайдаланылған, ал басқа энергетикадан өзге индекс - Әлемдік индекс MSCI - Қор Менеджері ҚРҰБ-ға бағалы қағаздар бойынша стратегия үшін эталон ретінде көрсетілген. 2001 жылы ҚРҰБ-да энергетикадан өзге Әлемдік индекс MSCI қарау мүмкіндігіне ие болған жоқ.

Кеңестер

Біз Есепке тек сәйкес ақпараттарды ғана енгізуге кеңес береміз. Бұл ақпараттар барлық Есеп бойынша келісілген болуға тиіс.

## 2.6. ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - АҚПАРАТ СӘЙКЕССІЗДІГІ

Осы Есептің "Қор қызметі" бөлімінің "Басқару" бөлімшесінде төмендегілер көрсетілген:

- Түсімдер сомасы жекелей АҚШ долларында (674 миллион АҚШ доллары) және жекелей теңгеде көрсетілген. 93.5 миллиард теңге мөлшерінде түсім ретінде көрсетілген соманы Есеп пайдаланушысы түсімнің жалпы сомасы ретінде түсініп

қалуы мүмкін. 4.9 миллиард теңге мөлшеріндегі сома ақша қаражатын долларлық шоттан теңге шотына қарапайым аудару болып табылады және Есептен түсіндіру түсінікті емес.

- 90.9 миллиард теңге мөлшеріндегі сома алып алу ретінде көрсетілген, ал негізінде ол теңге шотынан ақша қаражатының қарапайым қозғалысы болып табылады, оның ішіндегі тек 7.5. миллиард теңге ғана Республикалық және жергілікті бюджетке аударулар жасау үшін алып алынған және 83.4. миллиард теңге доллар шотына аудару және қызметтерге төлемдер болып табылады.

Кеңестер

Біз цифрлардың барлығының бір валюта - теңгеде көрсетілуі жөнінде кеңес береміз, қажет жерлерде ғана шетел валютасындағы баламасы көрсетіледі. Есептегі ақпарат Қордың қаржылық есебіне сәйкес болуға тиіс. Сондықтан біз барлық пайдаланылған цифрлардың қаржылық есеп мәліметтерімен сәйкестендірілуі керек деп есептейміз.

## 2.7. ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - РАСТАЙТЫН АҚПАРАТТЫҢ БОЛМАУЫ

Біз аудиторлық тексеру жүргізу кезінде Қордың Есепте келтірілген төмендегі мәліметтері бойынша растайтын құжаттарының жоқтығын байқадық:

"2001 жылғы рынокты шолу" бөлімінде:

- "Акциялар рыногы" бөлімшесіне сәйкес еуропа және жапон рыноктарында бағаның 31% және 28% төмендеуі туралы мәліметтер.
- "Кірісі белгіленген бағалы қағаз рыногы" бабында мемлекеттік облигациялар бойынша кірістің 2001 жылы 5,7% және 2002 жылы 7,7% төмендеуі туралы мәліметтер. (*)
- "Кірісі белгіленген бағалы қағаз рыногы" бабындағы 2001 жылдың екінші тоқсанындағы АҚШ және Германиядағы кірістің 0,25% өсуі туралы мәліметтер. (*)

(*) ҚРҰБ бұл мәліметтерді өзге ұйым - Норвегия Мұнай қоры есебінен алған және бұл есептерге сілтеме жасамай пайдаланған.

Кеңестер

Есепте пайдаланылған барлық ақпарат растайтын құжаттарға ие болуға тиіс. Бұл құжаттар жылдық Есепті шығаруға жауапты тұлға арқылы тексерілуге тиіс.

## 2.8. СЕНІМДІ БАСҚАРМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕПТЕР

ҚРҰБ есепке алу тізбесі есептеу принципі негізінде жүзеге

асырылатынына қарамастан ҚРҰБ сенімді басқарма нәтижелері бойынша тоқсандық есептеріне ешбір есептелген шығындар енгізілмеген.

Кеңестер

Біз Қордың есепке алу тізбесінің және тоқсандық есептерінің ішіне әрбір есеп беру күніне арналған есептеулердің енгізуіне кеңес береміз.

2.9. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ РӘСІМДЕР

Іс жүзінде Қордың бекітілген есепке алу саясаты мен рәсімдері жоқ. Осының нәтижесінде жүйесіз немесе өкілеттенбеген есепке алу саясаттың және рәсімдердің қолданылуы мүмкін.

Кеңестер

Біз Қорға ресми түрде бекітілген есепке алу саясатын және рәсімдерді әзірлеуге және енгізуге кеңес береміз.

3. ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАР

3.1. АҚША ҚАРАЖАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАМАУ

Біз әр аптаның соңында Менеджердің Қордың қалған ақша қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі теңге шотынан доллар шотына аударатынын байқадық. Егер жасалған мәміле құны түсімнен жоғары болатын болса, шағын сомалар инвестицияларының немесе АҚШ долларына айырбастаудың тиімсіздігін түсінеміз.

Кеңестер

Кірісті көбейту үшін және шетел валютасы бойынша шығын қатерін төмендету үшін біз Қорға ақша қаражатын инвестициялауды теңгеде жүзеге асыруға немесе оларды АҚШ долларына айырбастауды аптасына бір рет емес, құн сайынғы негізде жүргізуге, бұл экономикалық жағынан тиімді болады, яғни айырбастау бойынша шығындар пайдадан асып кетпейді деген шартпенен, кеңес береміз.

3.2. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БАСТАПҚЫ МОЙЫНДАУ

Біз инвестициялық операцияның валюталау күні есепке алынатындығын байқадық, яғни Қордың есепке алу саясатында нұсқалғандай мәмілені жасау күнінде емес, ақшаның іс жүзінде аударылу күнінде есепке алынады екен.

Кеңестер

Біз Қорға есепке алу саясатына сәйкес инвестициялық операцияларды олар жүргізілген күні есепке алуға кеңес береміз.

3.3. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАҒАЛАУ

ҚР ҰБ күн сайынғы негізде инвестициялық портфельді бағалауды жүзеге асыру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету пакетіне ие болып табылмайды. Барлық есептерді "бэк-офис" қолмен жүргізеді. Жыл ішіндегі транзакциялар көлемінің өсуі нарықтық құнды күн сайынғы есептеу кезіндегі адам факторы нәтижесінде қателік жіберу қаупінің жоғарылауына әсер етеді.

Кеңестер

Біз Қорға осы процесс үшін ақпараттық жүйені енгізу мүмкіндігін ескеруге кеңес береміз.

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК